БІРЫҢҒАЙ
ГРАНТ
ОПЕРАТОРЫ

азаматтық бастамаларды
қолдау орталығы

# Үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператордың 2024 жылғы қызметінің нәтижелері туралы есебі

*Тапсырыс беруші: Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы*

**«Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ**
**Астана 2024**

**1. Гранттарды орналастыру есебі кезеңінің басталу және аяқталу күні:**

Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының *(бұдан әрі - Басқарма)* тапсырысы бойынша «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ *(бұдан әрі - Оператор)* интернет-ресурсында 2024 жылы 25 ақпанда үкіметтік емес ұйымдар үшін мемлекеттік гранттар беруге арналған конкурсы жарияланды. Хабарламаны келесі сілтеме бойынша көре аласыз:

1)https://cisc.kz/mangghystaw-oblysynyng-tabighi-reswrstar-zhaene-tabighat-pajdalanwdy-rettew-basqarmasynyng-tapsyrysy-bojynsha-konkwrs-74084.html;

2)https://www.facebook.com/cisc.kz/posts/pfbid037h3Sd64nYoPJcjUgVBLFjB1 tSznuht74wek1gZdetJB3Tcy8gFh6KiquqM2hEiTsl.

3)https://www.instagram.com/p/C3sJOZ-tsgN/?igsh=MTFmNGQwejNlcWIxaQ==

Конкурсқа қатысу үшін өтінімдерді қабылдау уақыты 2024 жылғы 26 ақпан мен 18 наурыз аралығында жүзеге асырылды.

Конкурстың нәтижесінде 2024 жылғы 25 сәуірде барлық 3 грант бойынша жеңімпаздар анықталды.

Алайда, «Маңғыстау өңірінде кездесетін жануарлар мен өсімдіктер түрлерін насихаттау» басым бағыты бойынша жеңімпаз болып танылған «Табиғи орта» Батыс Қазақстан жергілікті ҮЕҰ қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі Қағидаларда көзделген мерзімде *(Қағидалардың 32-тармағына сәйкес әлеуетті грант алушы мемлекеттік грант беру туралы шартты алған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде қол қою қажет)* мемлекеттік грант беру туралы шартқа қол қоймағандықтан, 2024 жылы 03 маусымда Оператор қайта конкурс жариялады. Қайта конкурс бойынша хабарламаны келесі сілтемелер бойынша көруге болады:

1) https://cisc.kz/mangghystaw-oblysynyng-tabighi-reswrstar-zhaene-tabighat-pajdalanwdy-rettew-basqarmasynyng-tapsyrysy-bojynsha-qajta-konkwrs-75557.html;

2) https://www.instagram.com/p/C7wnlHytjo8/?igsh=MXloZmUyeGJ4cTFz

Қайта конкурсқа қатысу үшін өтінімдерді қабылдау уақыты 2024 жылғы 04 маусым мен 25 маусым аралығында жүзеге асырылды.

**2. Есепті кезеңде орналастырылған гранттар бағыттарының саны:**

Есептік кезеңде Оператор Басқарманың 3 басым бағыт бойынша 3 мемлекеттік грантын беру жөнінде хабарландыру жариялады:

| № | Басым бағыт | Грант саны | Грант сомасы |
|---|---|---|---|
| 1 | Экологиялық білім мен мәдениетті қалыптастыру | 1 | 10 000 000 |
| 2 | Маңғыстау өңірінде кездесетін жануар мен өсімдік түрлерін насихаттау | 1 | 10 000 000 |
| 3 | Тұрмыстық қатты қалдықтарды қайта өңдеу және су ресурстарын ұтымды пайдалану | 1 | 10 000 000 |

**3. Есепті кезеңде іске асырылған гранттар саны:**

Өткізілген конкурстардың нәтижесі бойынша 3 грант бойынша 2 ҮЕҰ-мен мемлекеттік грант беру туралы шарт жасалды.

| № | Заңның 5-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекеттік грант саласы | Мемлекеттік гранттың басым бағыты | Грант түрі | Ұйым атауы | Шартты ң нөмірі мен күні |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Қоршаған ортаны қорғау | Экологиялық білім мен мәдениетті қалыптастыру | қысқа мерзімді | «Эко Мангистау» үкіметтік емес мекемесі | 03.05.2024 ж. №67 |
| 2 | | Маңғыстау өңірінде кездесетін жануар мен өсімдік түрлерін насихаттау | | «Серпін» әлеуметтік даму Ұлттық қоры» қоғамдық қоры | 02.08.2024 ж. №140 |
| 3 | | Тұрмыстық қатты қалдықтарды қайта өңдеу және су ресурстарын ұтымды пайдалану | | «Эко Мангистау» үкіметтік емес мекемесі | 03.05.2024 ж. №68 |

**4. Есепті кезеңде іске асырылған гранттар саласы:**

2024 жылы Оператор «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 5-бабына сәйкес «Қоршаған ортаны қорғау» саласы бойынша 3 жобаны іске асырды.

**5. Гранттарды іске асыруға есепті кезеңде мемлекеттік көздерден бөлінген қаражаттың жалпы сомасы:**

Мемлекеттік гранттарды Оператор Заңның 5-бабының 1-тармағында көзделген салалар шеңберінде және мемлекеттік органның Оператормен жасасатын үкіметтік емес ұйымдарға мемлекеттік гранттар беру үшін ақша қаражатын беру туралы шарт негізінде мемлекеттік бюджет қаражатынан береді.

Есептік кезеңде Басқарма 30 000 000 теңгені құрайтын 3 гранттық жоба ұсынды.

**6. Гранттарды іске асыруға есепті кезеңде бюджеттен тыс көздерден бөлінген қаражаттың жалпы сомасы:**

Есепті кезеңде Басқарманың мемлекеттік грантын іске асыру барысында бюджеттен тыс көздер тартылған жоқ.

**7. Есепті кезеңде қазақстандық ұйымдардың қатарынан гранттарды іске асыруға тартылған әріптестер туралы ақпарат (жалпы саны, ұйымның толық атауы, басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде), байланыс деректері, заңды мекенжайы):**

Қазақстандық ұйымдар арасынан гранттарды іске асыруға тартылған серіктестер туралы мәліметтер:

| № | Грант алуышының атауы | Жобаның атауы | Ұйымның атауы | Басшының ТАӘ | Байланыс деректері | Заңды мекенжайы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | «Серпін» әлеуметтік даму Ұлттық қоры» қоғамдық қоры | Маңғыстау өңірінде кездесетін жануар мен өсімдік түрлерін насихаттау | Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті | Б.Ахметов | +7 (7292) 42-57-77 | г.Актау, 32 микрорайон |
| | | | Маңғыстау туризм колледжі | М.Измухамедов | 8 (775) 527 0730 | Мангистауская область, г.Актау, 23 |
| | | | «Каспий» жоғары педагогика және салалық технологиялар колледжі | И.Калдаманов | +7 (7293) 49–23–28 | Мангистауская область, г.Жанаозен, микрорайон Коктем, 2А |
| | | | «Каспий өңірі «Болашақ» колледжі | Г.Қаламқали | +7 (7292) 41–26–40 | Мангистауская область, г.Актау, Микрорайон 27, 36 |
| | | | «Бәйтерек» сауда үйі | - | +7–778–967–11–07 | Мангистауская область, Актау, 27-й микрорайон, 90 |

**8. Есепті кезеңде халықаралық (шетелдік) ұйымдардың қатарынан гранттарды іске асыруға тартылған әріптестер туралы ақпарат (жалпы саны, ұйымның толық атауы, басшысының тегі, аты, жөні, әкесінің аты (болған кезде), байланыс деректері, заңды мекенжайы):**

Гранттық жобаны іске асыру барысында халықаралық (шетелдік) ұйымдардың қатарынан әріптестер тартылған жоқ.

**9. Есепті кезеңде үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор арқылы гранттарды іске асырған үкіметтік емес ұйымдар туралы мәліметтер**

Ақпарат осы есепке 1-қосымшада көзделген.

**10. Есепті кезеңде грант шеңберінде іске асырылған әлеуметтік жобалар, әлеуметтік бағдарламалар туралы мәліметтер**

Ақпарат осы есепке 2-қосымшада көзделген.

**11. Гранттарды іске асыру шеңберінде жобалардың нәтижелері бойынша жалпы тұжырымдар мен ұсынымдар:**

Есепті кезеңде Басқарманың тапсырысы бойынша жүзеге асырылған гранттық жобалар халық арасында экологиялық сауаттылық пен мәдениеттің артуына, сондай-ақ өңірдің табиғи мұрасын насихаттауға ықпал етті. Белгіленген мақсаттық индикаторлар ауқымды аудиторияны қамтуға бағытталып, қоғамның әртүрлі топтарының экологиялық күн тәртібіне қатысуына мүмкіндік берді.

Бұл бастамалар халықтың назарын экологиялық мәселелерге аударып қана қоймай, экобелсенді қауымдастықты қалыптастыру үшін негіз құрды. Жобаларды масштабтау және олардың қол жетімділігін арттыру арқылы осы бағыттар

бойынша жұмысты жалғастыру маңызды. Ол үшін іс-шаралардың географиялық қамтуын кеңейту үшін осындай бастамаларды жүзеге асыруға көбірек қаржы бөлу мүмкіндігін қарастырған жөн.

Бұл жобаларды дамыту сонымен қатар ауқымды аймақтық экологиялық науқандарды өткізу, тұрақты білім беру орталықтарын немесе платформаларды құру және бастамаларды бірлесіп жүзеге асыру үшін бизнеспен өзара әрекеттесуді дамыту сияқты қосымша құралдарды енгізуді қамтуы мүмкін.

**12. Есепке гранттарды қалыптастыруға қатысатын үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператордың басшысы, оператордың бас бухгалтері не оларды алмастыратын адамдар қол қояды. Есептің әрбір данасы тігіледі, тігіс түйініне және ішінара құжаттың парағына желімделген қағаз пломбамен бекемделеді. Мөрдің бедері ішінара қағаз пломбаға, ішінара құжаттың парағына басылуы тиіс.**

13. Есеп «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ гранттық қаржыландыру саласындағы оператормен жасалды.

| | |
|---|---|
| **Басқарма Төрағасы** | **Л. Диас** |
| **Бас бухгалтер** | **С. Ануарбек** |